

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық Өскемен қалалық комиссиясы туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 14 қаңтардағы N 3051 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының әділет Департаментінде 2004 жылғы 26 қаңтарда N 1608 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 16 маусымдағы N 2188 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2009.06.16 N 2188 қаулысымен.

2003 жылдың 21 қазанындағы Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің N 223 "Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық облыстық комиссия туралы" қаулысын орындау үшін төтенше жағдайлардың алдын алу мен олар орын алғанда әрекет етудің қалалық жүйесін одан әрі жетілдіру, тұрғындар мен аумақты апаттардан, опаттар мен тілсіз қияпаттардан, жұқпалы ауру індеттері мен адамдардың жаппай улануынан, малдар эпизоотиясы мен өсімдіктердің ауруларынан, шекаралар мен облыс аумағын аса қауіпті және карантиндік инфекциялардың әкелінуі мен таратылуынан санитарлық қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мәселесінде жергілікті атқарушы органдарының, қалалық аймақтардың және меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілердің әрекеттерін үйлестіру жөніндегі ұсыныстар жасау мақсатында, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5-шілдедегі N 19 Заңының 13 бабы және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23-қаңтардағы N 148 Заңының 31 бабы 1 тармағының 17 тармақшасына сәйкес Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. "Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық Өскемен қаласының комиссиясы" құрылсын (әрі қарай-Комиссия).
2. "Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық Өскемен қаласының комиссиясы туралы Ереже" бекітілсін (қосымша).
3. "Өскемен қалалық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі (А.Н. Иманбеков) комиссияның арнайы құрамы туралы ұсыныстарды қалалық мәслихатта бекіту үшін қала әкіміне дайындап ұсынсын.
4. "Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі ведомствоаралық

Өскемен қаласының комиссиясы туралы" 2002 жылдың 25 шілдесіндегі N 1426 қаулысының (тіркеу N 887) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. Ш и р ш о в қ а ж ү к т е л с і н .

6. Осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Өскемен қаласының әкімі

Өскемен	қаласы	әкімдігінің
2004	жылғы	14
N	3051	қаңтардағы
		қаулысына

қосымша

Өскемен	қаласы	әкімдігінің
2004	жылғы	14
N	3051	қаңтардағы
		қаулысымен

бекітілді

**Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі
ведомствоаралық Өскемен қаласының комиссиясы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі ведомствоаралық Өскемен қаласының комиссиясы (әрі қарай-Комиссия) консультативтік-кеңес беруші орган болып табылады және жою саласында біртұтас мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүргізу жөніндегі ұсыныстарды жасау үшін, және апаттардан, опаттар мен тілсіз және басқа қияпаттардан, жұқпалы ауру індеттері мен адамдардың жаппай улануынан, малдар эпизоотиясы мен өсімдіктердің ауруларынан шекаралар мен қала аумағын аса қауіпті және карантиндік инфекциялардың әкелінуі мен таратылуынан санитарлық қорғау мақсатында құрылған (әрі қарай-төтенше жағдайлар).

2. Комиссия өзінің өкілеттілігін жергілікті атқарушы органдармен, Өскемен қаласының меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдарымен, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерімен бірлесе отырып жүзеге а с ы р а д ы .

3. Комиссияның негізгі міндеттері келесі ұсыныстарды өңдеу болып т а б ы л а д ы :

1) төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі біртұтас мемлекеттік саясатты жүргізу және жергілікті атқарушы органдарының, меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қала аумағында төтенше жағдайлардың алдын алуына, шектеуге және жоюға бағытталған қ ы з м е т і н ү й л е с т і р у ;

2) тұрғындардың, қала аумағының қауіпсіздігі мен төтенше жағдайлардан

қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, экономикалық, ұйымдастыру-техникалық және басқа жүйесін қалыптастыру;

3) төтенше жағдайлардың алдын алу және жою күштері мен құралдарын құру, дамыту саласында біртұтас техникалық саясат жүргізу;

4) төтенше жағдайлардың алдын алу мен әрекет етудің қалалық жүйесін жетілдіру және одан әрі дамытудың негізгі бағыттарын айқындау;

5) төтенше жағдайлардың алдын алуға, қала тұрғындары мен аумағының төтенше жағдайлардан қорғалуына, осы бағдарламаларды орындау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруге бағытталған мақсатты және ғылыми-техникалық қалалық бағдарламалардың жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

6) төтенше жағдайлардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды, сондай-ақ төтенше жағдайларды жоюға қатысқан адамдарды әлеуметтік экономикалық, құқықтық қорғау, медициналық сауықтыру мәселелері бойынша облыстық басқармалардың, комитеттердің, департаменттердің, жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіру.

4. Көрсетілген міндетті орындау мақсатында комиссияға келесі функциялар жүктеледі:

1) төтенше жағдайлардан келетін зиянның алдын алу мен азайтуға бағытталған шешімдер дайындау;

2) заңды тұлғалар мен жеке азаматтардың төтенше жағдайлардың алдын алумен жоюға бағытталған қызметіне әдістемелік басшылық жасау және үйлестіру;

3) төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі іс-шараларды орындау үшін заңды тұлғалардың күштері мен құралдарын тартуды ұйымдастыру;

4) төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою іс-шараларының орындалу барысы туралы жауапты адамдардың баяндамаларын мерзімді тыңдау, тыңдау қорытындылары бойынша ұйымдық және практикалық шешімдер қабылдау;

5) төтенше жағдайлардың зардаптарын азайту мен жою үшін төтенше жағдай аймақтарына күш пен құралдарды жіберу жөніндегі қалалық басқару органдарының іс-қимылын үйлестіру;

6) орын алуы мүмкін немесе орын алған төтенше жағдай туралы тұрғындарды құлақтандыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану жөніндегі қалалық басқару органдарының іс-қимылын үйлестіру;

7) қала аумағында төтенше жағдайдың алдын алу мен жою жөніндегі жағдай туралы ақпараттың жиналуы мен талдануына бақылау жасау;

8) аурулар ошағынан немесе төтенше жағдайлар ошағынан тыс жерлерге адамдардың және малдардың шығуына, жүктердің тасылуына енгізілген шектеулердің сақталуына, басқа да карантиндік іс-шаралардың орындалуына

бақылауды жүзеге асыру;

9) Өскемен қаласы әкімдігін қаладағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі жағдай туралы хабардар ету.
5. Комиссия құқылы:

1) комиссияның құзырына жататын қажетті нормативтік-құқықтық және заңнамалық актілерінің жобаларын әзірлеуге қатысуға;

2) комиссияның құзырына жататын мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдарының, қалалық басқармалардың, департаменттердің, комитеттердің және шаруашылық жүргізуші құрылымдардың лауазымды тұлғаларын тыңдауға;

3) қалалық басқармадан, департаменттерден, комитеттерден және меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші құрылымдардан комиссияға жүктелген қызметтерді жүзеге асыру үшін қажетті материалдар мен ақпараттарды сұрауға;

4) меншік нысанына қарамастан қалалық ұйымдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің мамандарын (келісімдері бойынша) төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою мәселелерін талдау, сараптау және басқа жұмыстарды орындауға тартуға;

5) олардың кінәсінен төтенше жағдай пайда болған лауазымды тұлғаларды жұмыстан босату, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы материалдарды тиісті органдарға жіберуге;

6) төтенше жағдайлардың алдын алумен және жоюмен байланысты мәселелерді Өскемен қаласы әкімдігінің қарауына шығаруға құқылы.

2. Жұмысты ұйымдастыру

6. Комиссияның төрағасы қала әкімінің орынбасары болып табылады, оны қала әкімі тағайындайды.

7. Комиссия өз қызметін оның төрағасы бекіткен жұмыс жоспары бойынша жүзеге асырады.

8. Комиссияның мәжілістері қажетіне қарай, бірақ кемінде тоқсан сайын бір рет өткізіледі.

9. Комиссия өз қызметін оның төрағасы бекіткен жұмыс жоспары бойынша жүзеге асырады, онда мынадай ағымдағы және перспективалық сұрақтарды шешу көзделеді:

1) төтенше жағдайлардың пайда болуының алдын алу;

2) төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі Қазақстан Республикасының Заңын, Президенттің Жарлықтарын және Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулыларын, сондай-ақ Комиссия шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды заңды тұлғалардың орындауы.

10. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру "Өскемен қаласы төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктеледі.

11. Өз құзырына сәйкес комиссия хаттама түрінде қабылдайтын шешімдер ұсыныстық сипатқа ие. Хаттамаға мәжіліске төрағалық еткен тұлға және жауапты хатшы қол қояды.

12. Комиссия өзі қараған және шешкен неғұрлым маңызды мәселелер бойынша жүйелі түрде қала әкімін хабарландырып отырады.

Өскемен қаласы әкімінің
аппарат басшысы